

«Құрылысты қадағалау (сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы инжинирингтік қызметтер)» кәсіптік стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Құрылысты қадағалау (сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы инжинирингтік қызметтер)» кәсіби стандарты ЭҚЖЖ бойынша (бұдан әрі - КС) «42 Азаматтық құрылыс» кәсіби қызметі саласындағы еңбек біліктілігі, құзіреттілігі, мазмұны сапасы және шарттары деңгейіне қойылатын талаптарды анықтайды және:

1) еңбек саласы мен кәсіби білім беру саласындағы өзара әрекеттестікті кадрлық саясат қалыптастыру және қызметкерлерді басқару арқылы реттеуге;

2) әзірлеу бағдарламаларын дайындауға, біліктілікті арттыруға және кәсіби қайта даярлауға қойылатын талаптарға реттеме белгілеуге;

3) қызметкерлерді аттестаттау және сертификаттау барысында жұмыскерлер құзіреттілігін бағалауға арналған талаптарды реттемелеуге;

4) лауазымдық нұсқаулар жасауды ұйымдастыруға;

5) өндірісті, еңбекті және басқаруды ұйымдастыру ерекшеліктерін ескере отырып еңбек төлемі жүйесін қалыптастыруға арналады.

2. Осы кәсіптік стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

біліктілік – қызметкердің нақты еңбек міндеттерін сапалы орындауға дайын болу деңгейі;

біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметінің стандарттан басқа болуы, жауапкершілігі және дербестігі бойынша сараланатын қызметкерлер дайындығы мен құзыреттілігіне қатысты талаптар жиынтығы;

ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) – еңбек нарығында құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

ұлттық біліктілік жүйесі (ҰБЖ) – еңбек нарығы тарапынан мамандар біліктілігіне деген сұраныс пен ұсыныстарды құқықтық және институционалды реттеу тетіктерінің жиынтығы;

салалық біліктілік шеңбері (СБШ) – салада құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

сала - бір типті өнім құруда, өндіріс технологиясы, жұмыс істейтіндердің негізгі қорлары мен кәсіптік дағдыларында ортақ мақсаты бар кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

кәсіби топ – ортақ интеграциялық негізі бар (ұқсас немесе жақын мақсаттар, объектілер, технологиялар, сондай-ақ еңбек құралдары) және

оларды орындау үшін еңбек міндеттері мен құзыреттілігінің ұқсас жинағын болжайтын шағын топтар жиынтығы;

кәсіби шағын топтар – еңбек міндеттерінің тұтас жинағымен және оларды орындауға қажетті құзыреттіліктермен қалыптасқан, мамандықтар жиынтығы;

кәсіптік стандарт бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын кәсіптік стандарттың құрылымдық элементі;

кәсіп – білімі туралы тиісті құжатпен расталатын және арнайы дайындықтың нәтижесінде пайда болған арнайы білім, білік мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін адам еңбегі қызметінің негізгі түрі;

еңбек функциясы – еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

БТБА – Жұмыс және жұмысшылар кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамасы.

2. Кәсіптік стандарт паспорты

3. Кәсіптік стандарттың атауы: Құрылысты қадағалау (сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы инжинирингтік қызметтер).

4. Кәсіптік стандартты әзірлеу мақсаты: Осы кәсіби шағын топтың кәсіптер тізбесін жасау және анықталған кәсіптер үшін кәсіп карточкаларын әзірлеу.

5. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Ғимараттар мен имараттарды тасымалдау кезіндегі құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасын қадағалау.

6. Негізгі топ: Құрылыс (жұмыста).

Кәсіби топ: Құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасын қадағалау (жұмыста).

3. Кәсіп карточкалары

7. Кәсіптер тізбесі:

техникалық қадағалау бойынша инженер, СБШ бойынша 6 біліктілік деңгей;

құрылысты қадағалау бойынша инженер, СБШ бойынша 7 біліктілік деңгей.

Кәсіп карточкалары осы Кәсіптік стандарттың қосымшасында келтірілген.

«Құрылысты қадағалау (сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы инжинирингтік қызметтер)»
кәсіптік стандартына қосымша

КӘСІП КАРТОЧКАСЫ «Техникалық қадағалау бойынша инженер»	
Кәсіп коды	2141
Кәсіп атауы	Техникалық қадағалау бойынша инженер
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	6
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	Санатсыз – II санатты
Кәсіби білім деңгейі	СБШ-ның 6-деңгейі
	Жоғары білім (бакалавриат), практикалық тәжірибе.
Еңбек функциясы	1) Құрылыс-монтаж жұмыстарының орындалуына техникалық қадағалау жүргізу.
	2) Құрылыс-монтаж жұмыстарын техникалық қабылдауды жүргізу.
Еңбек функциясы 1	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 5 (санат: санатсыз, II санат, I санат)
Құрылыс-монтаж жұмыстарының орындалуына техникалық қадағалау жүргізу.	Біліктері мен дағдылары:
	1. Құрылыс-құрастыру жұмыстарының орындалуын техникалық қадағалауды және мердігерлік құрылыс ұйымдарынан аяқталған объектілерді қабылдауды жүзеге асыру.
	2. Құрылыстың жобалық-сметалық және нормативті-техникалық құжаттамамен, материалды-техникалық ресурстармен қамтылуын, күрделі құрылыс жоспарларының орындалу барысын, құрылыс-құрастыру жұмыстарының көлемі мен сапасын және мерзімін, сонымен қатар қолданылатын материалдардың, бұйымдар мен құрылымдардың сапасы мен бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға, жұмыс сызбаларына, құрылыс нормалары мен ережелеріне, стандарттар мен техникалық шарттарға, еңбекті қорғау нормасына сәйкестігін қадағалау.
	3. Құрылыс жұмыстары барысында туындайтын жобалық шешімдер өзгерістерін келісуді қарастыруға қатысу, қажет болған жағдайда материалдарды, бұйымдар мен құрылымдарды (құрылыс объектілерінің сапасын төмендетпестен) алмастыру мәселелерін жедел шешу.
	4. Құрылыс-құрастыру жұмыстарының сапасының төмендеуін, мерзімінің шегерілуін тудыратын себептерді зерттеу, олардың алдын алу және жою шараларын қабылдау.
	5. Аяқталған құрылыс-құрастыру жұмыстарын техникалық қабылдауды жүзеге асыру, қажетті техникалық құжаттаманы рәсімдеу.
	Білімі:

	<ol style="list-style-type: none"> 1. Нормативті құқықтық актілерді, басқа да нормативті әдістемелік құжаттарды, құрылыс-құрастыру жұмыстарын орындау бойынша материалдарды. 2. Ұйымның (кәсіпорынның) техникалық даму болашағы; құрылыс-құрастыру жұмыстарын орындау кестесі және техникалық шарттары. 3. Құрылыс материалдарына, бұйымдар мен құралдарға қойылатын стандарттар, техникалық шарттар. 4. Құрылыс нормалары мен ережелер. 5. Өндіріс технологиясы негізі және құрылыс-құрастыру жұмыстарын жүргізу тәсілі. 6. Құрылысы аяқталған объектіні қабылдау тәртібі және сапасын қадағалау әдістері. 7. Жобалық-сметалық және басқа да техникалық құжаттаманы рәсімдеу тәртібі. 8. Құрылыс-құрастыру жұмыстарын озық орындау тәжірибесі. 9. Жаңа құрылыс материалдары, құрылымдары мен бұйымдар. 10. Өндірісті ұйымдастыру экономикасының негіздері. 11. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңнама негіздері. 12. Еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормалары. 	
<p>Еңбек функциясы 2</p> <p>Құрылыс-монтаж жұмыстарын техникалық қабылдауды жүргізу.</p>	<p>Біліктері мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Аралық мердігерлермен мердігерлік келісімін жасасу үшін қажетті техникалық міндеттер мен құжаттарды жасауды жүзеге асыру және ұйымдастыру. 2. Жобалық және басқа да жұмыс түрлері үшін аралық мердігерлік ұйымдар тарту қажеттілігін анықтау. 3. Аралық мердігерлердің жұмыстарына, мердігерлік келісімдерге техникалық міндеттер дайындау. 4. Жобалық және басқа да жұмыстардың көлемін анықтау және орындау мерзімін белгілеу. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Құрылысы аяқталған объектіні қабылдау тәртібі және сапасын қадағалау әдістері. 2. Жобалық-сметалық және басқа да техникалық құжаттаманы рәсімдеу тәртібі. 3. Құрылыс-құрастыру жұмыстарын озық орындау тәжірибесі. 9. Жаңа құрылыс материалдары, құрылымдары мен бұйымдар. 4. Өндірісті ұйымдастыру экономикасының негіздері. 5. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңнама негіздері. 6. Еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормалары. 	
<p>Жеке құзыретіне қойылатын талаптар</p>	<p>Командада жұмыс істей білу</p> <p>Тыңғылықтылық</p>	
<p>СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы</p>		
<p>КӘСІП КАРТОЧКАСЫ «Құрылысты қадағалау бойынша инженер»</p>		

Кәсіп коды	2141
Кәсіп атауы	Құрылысты қадағалау бойынша инженер
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	7
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	Санатсыз – II санатты
Кәсіби білім деңгейі	СБШ-ның 7-деңгейі
	Жоғары білім (бакалавриат), 3 жылдан кем емес практикалық тәжірибе. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім, практикалық тәжірибе.
Еңбек функциясы	1) Ғимараттар мен имараттарға қадағалау жүргізу.
Еңбек функциясы 1	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 7 (санат: санатсыз, II санат, I санат)
Ғимараттар мен имараттарға қадағалау жүргізу.	Біліктері мен дағдылары:
	1. Ғимараттар мен құрылыстарды қадағалауды жүзеге асыру. 2. Ғимараттар мен құрылыстарды салу және жөндеуді техникалық қадағалауды жүзеге асыру. 3. ҚР заңдары мен нормативті-техникалық нормаларға жобалық және орындаушылық құжаттаманы жүргізу. 4. Жобаларға құрылыс құнын төмендетуді қамтамасыз ететін келешекті технологиялық үдерістерді, көлемдік-жоспарлық және құрылымдық шешімдерді енгізумен байланысты өзгерістер енгізу мәселесін шешуге қатысу. 5. Құрылысы аяқталған объектілерді қабылдау және оларды пайдалануға беру комиссиясының жұмыстарына, мердігерлік ұйымдармен келіспеушіліктерді қарастыруға қатысу. 6. Келісім бойынша барлық міндеттерін орындамаған жағдайда мердігерге наразылық білдіру үшін материалдар дайындау. 7. Өзінің тікелей лауазымдық міндеттерін орындау барысында барлық жұмыс уақытында электр энергиясын үнемді және негізделген түрде жұмсауды қамтамасыз ету. 8. Ғимараттар мен құрылыстар төлқұжаттарының толтырылуын қадағалауды жүзеге асыру.
	Білімі:
	1. Қазақстан Республикасының заңнамалық және басқа да нормативті актілерін, құрылыс-құрастыру жұмыстарын жүргізу бойынша әдістемелік және басқа да материалдар. 2. Ұйымның техникалық даму болашағы; құрылыс-құрастыру жұмыстарын орындаудың техникалық шарттары және кестесі. 3. Құрылыс материалдарына, бөлшектері мен құрылымдарына техникалық шарттар мен стандарттар. 4. Құрылыс нормалары мен ережелері, өндіріс технологиясы негіздері.

	5. Құрылыс-құрастыру жұмыстарын жүргізу әдістері, құрылысы аяқталған объектілерді қабылдау тәртібі және сапасын қадағалау әдістері. 6. Жаңа құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрылымдары. 7. Өндірісті ұйымдастырудың, экономиканың, еңбек және басқару негіздері. 8. Еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормалары.	
Жеке құзыретіне қойылатын талаптар	Командада жұмыс істей білу Тыңғылықтылық	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы		
Кәсіптік стандарттың техникалық мәліметтері		
Әзірлеген	«Монолит-Строй2011» ЖШС	
Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы	Нұсқа 1, 2014 жыл	
Болжалды қайта қарау датасы	2017 жыл	